



Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, қазақтың дана һәм дара ұлы, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай, өңірде жүзеге асып жатқан игілікті шаралар көңіл көншітерілік. Солардың бірі

Ақын атында - жаңа сайт

ретінде Гоголь атындағы ғылыми-эмбебап кітапханасы ұжымының ұйымдастыруымен ашылған «Қыран қанатты ақын» атты сайты айтуға болады.

Топтаманың діттеген міндеті айқын, көздеген мақсаты біреу ғана. Жасындай өткір, асылдай таза жаратылысымен ұлттың, ұрпақтың жанын таңғажайып өлеңдерімен тербеген дауылпаз ақын Қасымның қайталанбас туындыларын оқырмандарға кеңінен

насихаттау, дәріптеу. Виртуалды топтамада ақынның өмірбаяны, фотосуреттері, көзі тірісінде жарық көрген шығармалары мен аудармаларын тауып оқуға болады. Сонымен қатар, «Қазақ жырының алдаспаны» деген атаумен виртуалды көрме қойылған.

Топтаманың «Өмірдерек» бөлімінен ақынның өмірбаяны мен фотосуреттерін көре аласыз. «Өлеңдер мен поэмалар» бөлімінде Қ.Аманжоловтың газет

беттеріне шыққан шығармалары, атап айтқанда, кітапхана қорында сақталған «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Әдебиет және искусство» сынды газет-журналдардың 1945-1955 жылдардағы сандарында жарық көрген материалдары қойылған. «Аудармалар» тетігін бассаңыз, Қасым Аманжоловтың орыс, батыс, шығыс поэзиясынан аударған классикалық туындыларына кезігесіз. Ақын жайындағы

естеліктерді «Қасымның 100 жылдық мерейтойына» қатысты мақалалар, зерттеулер, арнаулар шоғырланған «Ақынның ғасырлық тойы» бөлімінде оқи аласыз.

- Қасым - өршіл рухтың ақыны. Замана сырына үңіліп қана қоймай, қыруар сұрақтарға жауап іздеген ақын өзі ғұмыр кешкен ортада, қоғамда қандай роль атқаруы керек екенін терең түсінген жан. Бұл жайында «Қазақ жырының алдаспаны» атты вир-

туалды көрме берілген, аталған бөлімнен көп жайтты аңғаруға болады. Тағы бір айта кетерлігі, ақынның шығармашылығына жастар аса ынтық. Аталған сайттың ашылуы жастар үшін жағымды жаңалық болды деп айта аламын, - дейді кітапхана қызметкері Сандуғаш Телпекбаева.

Топтама әрдайым жаңа деректермен толысып отырмақ. Қазақ поэзиясы алыптарының бірі Қасым Аманжолов атындағы сайттың оқырман қауымға айтары көп, берер дерегі мол екеніне сенімдіміз.

**Ақмарал
АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.**